

Балабақшадағы педагогикалық әдеп бойынша іс-шара жоспары

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп – кәсіби мәдениеттің негізі»

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби этика мен педагогикалық әдеп нормалары туралы білімдерін жетілдіру, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдептілік мәдениетін қалыптастыру.

Өткізу түрі: Дөңгелек үстел (педагогикалық кеңес, семинар)

Өткізу күні: 28.08.2025ж

Өткізу орны: «Айсұлтан» жекеменшік балабақшасы

Жауапты: Әдіскер Ержанова Л.

Жоспар

№	Іс-шара мазмұны	Уақыты	Жауапты
1	Қатысушыларды тіркеу, ұйымдастыру кезеңі	5 мин	Әдіскер
2	Кіріспе сөз. Педагогикалық әдептің маңызы	5 мин	Менгеруші
3	«Педагогикалық әдеп – тәрбиеші мәдениетінің көрсеткіші» тақырыбында баяндама	15 мин	Әдіскер
4	Педагогтің кәсіби этикасы және қызметтік мінез-құлық талаптары	10 мин	Тәрбиеші
5	Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынастағы әдеп нормалары	10 мин	Психолог
6	Жағдаяттық тапсырмалар мен пікір алмасу	15 мин	Қатысушылар
7	Қорытындылау, ұсыныстар қабылдау	10 мин	Менгеруші
8	Шешім қабылдау	5 мин	Хатшы

Күтілетін нәтиже:

- Педагогикалық әдеп туралы түсінік кеңейеді;
- Педагогтердің кәсіби мәдениеті жетілдіріледі;
- Ұжымдағы өзара сыйластық пен тиімді қарым-қатынас нығаяды;
- Балалар мен ата-аналармен жұмыс барысында этикалық нормаларды сақтау дағдылары қалыптасады.

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№ 1 хаттама

Өткізілген күні: 28.08.2025

Қатысқандар саны: 10

Төраға: Ержанова Л

Хатшы: Сәбитова А

Күн тәртібі

1. «Педагогикалық әдеп – тәрбиеші мәдениетінің негізі» тақырыбындағы баяндама.
2. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау мәселелері.
3. Қорытынды шешім қабылдау.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Ержанова Л сөз сөйлеп, педагогикалық әдептің мәні, педагогтің кәсіби мінез-құлқы, сөйлеу мәдениеті, балалар мен ата-аналарға құрметпен қарау қағидалары туралы баяндады.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Абатова З өз тәжірибесімен бөлісіп, педагогикалық әдепті сақтау білім беру сапасына оң әсер ететінін атап өтті.

Талқылау барысында педагогтер кәсіби қарым-қатынаста кездесетін жағдаяттарды қарастырып, оларды шешу жолдарын ұсынды.

Қаулы етеді

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын күнделікті жұмыста басшылыққа алу.
2. Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста кәсіби этиканы сақтау.
3. Педагогтердің сөйлеу мәдениеті мен кәсіби шеберлігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру.
4. Педагогикалық әдеп мәселелерін әдістемелік отырыстарда тұрақты қарастыру.

Төраға: Ержанова Л

Хатшы: Сәбитова А

№2 ХАТТАМА

Педагогикалық кеңес отырысы

Өткізілген күні: «12» қаңтар 2026ж.

Өткізілген орны: «Айсұлтан» жекеменшік балабақшасы

Қатысқандар: 10_ педагог

Қатыспағандар: - (себепті/себепсіз)

Төраға: Ержанова Л

Хатшы: Сабитова А

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Педагогикалық әдеп – кәсіби мәдениеттің негізі» тақырыбындағы баяндама.
2. Педагогтердің кәсіби этикасы мен қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселелері.
3. Өртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер _____ Ержанова Л сөз сөйлеп, педагогикалық әдептің маңызы, тәрбиешінің кәсіби мәдениеті, педагогтің балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасындағы этикалық нормалар туралы баяндама жасады. Баяндама барысында педагогикалық әдептің білім беру сапасын арттырудағы рөлі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Тапаева А педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, қызметтік қарым-қатынас әдебі және кәсіби жауапкершілігі туралы өз тәжірибесімен бөлісті. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал ететіні айтылды.

Талқылау барысында педагогтер түрлі жағдаяттар бойынша пікір алмасып, кәсіби этиканы сақтаудың тиімді жолдарын ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын білім беру үдерісінде тұрақты басшылыққа алу.
2. Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста кәсіби этика нормаларын сақтау.
3. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін және кәсіби шеберлігін жетілдіру бойынша жұмыстарды

Төраға: Ержанова Л

Хатшы: Сабитова А

№3 ХАТТАМА

Педагогикалық кеңес отырысы

Өткізілген күні: «10» наурыз 2026 ж.

Өткізілген орны: «Айсұлттан» жекеменшік балабақшасы

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: - педагог

Төраға: Ержанова Л

Хатшы: Сабитова А

КҮН ТӘРТІБІ

1. Балабақшадағы педагогикалық әдеп талаптарының орындалу жағдайы.
2. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру.
3. Қорытынды және ұсыныстар.

ТЫНДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша: Әдіскер Ержанова Л балабақша ұжымындағы педагогикалық әдептің сақталуы туралы ақпарат берді. Педагогтердің балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасындағы этикалық нормалардың маңыздылығы атап өтілді. Сондай-ақ педагогтің сөйлеу мәдениеті мен сыртқы келбетінің тәрбиелік мәні туралы айтылды.

Екінші мәселе бойынша: Психолог Абиева А педагогикалық әдепті сақтаудың ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудағы рөліне тоқталды. Қарым-қатынас барысында туындауы мүмкін келіспеушіліктерді мәдениетті түрде шешу жолдары түсіндірілді.

Талқылау барысында қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, тәжірибелерінен мысалдар келтірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтау.
2. Балалар мен ата-аналарға құрметпен қарау, қызметтік қарым-қатынаста сыпайылық таныту.
3. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен сөйлеу шеберлігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру.
4. Әдістемелік отырыстарда педагогикалық әдеп мәселелерін тұрақты қарастыру.
5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Төраға: Ержанова Л

Хатшы: Сабитова А